

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ

Ислам әлемінің ғалымдары Ислам діні тек бір қауымға, бір ұлтқа ғана тән жаңа дін деп санамайды. Ислам бүкіл адамзатқа берілген ең соңғы, кемел, білім мен бейбітшілік және татулық діні. Адам Атадан Мұхаммед (с.а.у.) Пайғамбарымызға дейінгі пайғамбарлар уағыздаған діндер – ислам діні болатын. Ислам діні исламға дейінгі діндерге адамдар тарапынан еңгізілген бұрмалаушылық пен жаңсақтықтарды түзеткен.

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз ислам өркениеті мен мәдениеті аясында өмір сүріп, ислам дінін ұстанып келеді. VIII ғасырда Қазақстан және Орта Азия жеріне Ислам дінін тарату үшін арабтар жорықтар жүргізді. Атақты Кутейба ибн Муслим Маурренахер жеріне кірді. 714 жылы Шаш (Ташкент) және Фарабты (Отырар) бағындырды. 751 жылы шілде айында мұсылман әскері Талас маңында Атлах деген жерде Таң империясының әскерін жойқын

соғыста жеңіп шықты. Талас жеңісінен кейін Ислам діні Қазақстан жеріне бір жолата орнықты. Бұл жеңіс Орталық Азия елдерінің діни болмысы мен тұрпатын шешті. Қазақстанға ислам дінінің таралуын ғалымдар бірнеше кезеңге бөледі. Бірінші кезең – VIII-IX ғғ.; екінші кезең – X-XVII ғғ.; үшінші кезең – XVIII-XIX ғғ.; төртінші кезең -XIX ғ. соңы - XX ғ. басы; бесінші кезең – 1917-1991 жылдар аралығы (кеңестік дәуір); тәуелсіздік орнағаннан кейінгі кезең. Ислам дінінің келуімен қала мәдениеті, ғылым, білім, сауда, өнер жедел дами бастады. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде мешіттер, медреселер, қалалар бой көтерді. Қарахан мемлекеті Ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде қабылдаған алғашқы мемлекет болып саналды. Еліміздегі алғашқы мешіттер мен медреселер Отырар, Түркістан, Сайрам, Тараз қалаларында салынған. Мешіттер рухани және ғылыми орталықтар болған. Ислам діні қазақ еліне бейбіт жолмен, яғни ізгілік пен мейірімділік негізінде таралды. Қазақ даласында Ислам дінінің келуі және орнығуымен қатар бүкіл Ислам әлемінің жарық жұлдыздары Әбу-Насыр әл-Фараби, (870-950), Әбу Ибрахим Исақ әл-Фараби, Ғаламәддин әл-Жауһари, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Игүнеки, Мұхаммед Хайдар Дулати, Хуссам Аддин Ас-Сығанаки сынды ғұлама ғалымдары ислам мәдениеті мен ғылымын әлемге паш етті. Отырар қаласынан 30 аса әл-Фарабилер шығып, ғылымның түрлі салаларында жемісті еңбек еткен. Алтын Орда ханы Өзбек хан Ислам дінін ресми дін ретінде жариялап, ислам дінінің таралуы және нығаюына зор үлес қосты. Отарлыққа дейін қазақ жерінде ислам діні толыққанды және бейбіт жолмен дамыды. Қазақ жері патшалық Ресейдің боданына айналған тұста патша үкіметі ислам дінінің толыққанды дамуына барынша кедергілер жасады. Отаршылдық әкімшілік жергілікті халықты шоқындыру мақсатын көздеп, қазақ-орыс мектептерін ашты. Бұл мектептерде жат діни сабақтар өткізілді. «Патша үкіметі ислам дінінің дамып, нығаюына мүдделілік танытпады. Керісінше, отаршыл шенеуніктер ислам дінінің ықпалын барынша шектеуге тырысты. Мұның шектен шыққан мысалының бірі жергілікті халықты шоқындыру бағытындағы ашық іс-әрекеті еді» [1]. Алайда, халықымыз отаршылдық жағдайында да ата-баба дініне адалдығы мен беріктігін сақтап, келесі ұрпаққа жеткізе білді. XIX ғасырдың 60 жылдары Түркістан қаласында 20-ға жуық мешіт, 2 медресе болған. 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін Ақтөбе аймағында 200-дей, Жетісу өлкесінде 269, Бөкей хандығында 78, Әулие-Ата қаласында 15 мешіт болған.

XX ғасырдың бас кезінде болған төңкерістер патшалық Ресейдің қол астындағы халықтардың діни сенім бостандықтарына жеңілдік жасауына жол ашты. 1906 жылы Алматы (Верный) қаласында Жетісу мұсылмандарының құрылтайы өтті. Құрылтай жұмысына Жәркент, Қапал, Лепсі, Токмақ, Пішпек (Бішкек) қалаларынан делегаттар қатысты. Жетісу мұсылмандары құрылтайының төрағасы болып Мұхаммет Захир Вагапов сайланды. Хатшылыққа Ахметбек Қойбағаров ұсынылды. Алайда, Жетісу мұсылмандарының басқармасы құрылмады. Құрылтай жұмысын отаршылдық әкімшілік қатаң бақылап отырды. Қазақ еліне қатысы болған Орынбор мүфтилігі

1788 жылы Уфа қаласында құрылды. 1797 жылы бұл діни басқарма Орынбор губерниясы құрылғаннан кейін Орынбор мүф- тилігі деп аталды. Бұл діни басқарма қазақ балаларын медреселерде оқытуда өзіндік үлес қосты. Кеңес өкіметі орнаған соң бұл діни басқарма 1918 жылы таратылды. Деректер бойынша осы діни басқармаға қарасты 114 мешіт, медресе болған. 1867-1868 жылдары саяси әкімшілік реформаларға сәйкес қазақ- тардың діни істері жергілікті орталық билік органдарына қаратылды. XIX ғасырда Оңтүстік Қазақстан облысында Баба ата медресесі; Бөкей ордасындағы Орда медресесі; Аякөз медресесі; Орал қаласындағы Мутығия медресесі; ал XX ғасыр басында ашылған Жетісудағы Мамания, Қызылордадағы Қалжан ахуан, Тараздағы Әбдіқадір медреселері қазақ топырағындағы ислам ілімі мен мәдениетінің ошақтары болды. “Қазақ жеріне ислам діні ту тігіп, біржола орныққаннан кейін мешіттер жанынан, сондай- ақ медреселер де салына бастады. Өйткені ислам тек ғибадат ғана емес, үлкен өркениетте”, [2] - деп орынды атап көрсетеді Бас Муфти. Әбсаттар қажы Дербісәлінің пікірінше: «Зерттеу нәтижесінде Отырардан шыққан бұрынғы біз тапқан 10 фарабилерге тағы да 8 фарабтық ойшылдар, бұрын- соңды белгісіз болған 4 шауғарлық, 3 женттік, бұрынғы 4 исфиджаби-Сайрамирлерге тағы да 22 парасат иелері, бұрын белгісіз болып келген 1 түлкі- бастық, бұрынғы 3 таразиге 10 тараздық, 2 шелжілік, 1 жікілдік, 2 баласағұндық, яғни бар- лығы 55 данышпан қосылды. Бұлар да соңғылар емес» [3]. Ислам дінінің қазақ топырағына келуі мен таралуы нәтижесінде ұлы далада ислам ілімі және түрлі ғылым саласында мәшһүр болған ғалымдар мен ойшылдар шықты. Ислам діні мен өркениеті қазақ даласына рухани өрлеуді алып келді. 1917 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкіл- ресейлік мұсылман съезінде Торғай, Ақмола, Семей, Орал облыстары мен Ішкі Орда

қазақтарының діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылуы туралы мәселе көтерілді. Кеңес үкіметі тұсында дін надандық пен қараңғылықтың қайнар көзі деп қарастырылды. Сондықтан атеизм мемлекеттік тұрғыда наси- хатталды. Дін қызметкерлері мен қожа-молда- лар қудаланды. Діни ғимараттар мен діни оқу орындары жабылды. Атеистік жүйе уақытында еліміздегі Арыстан баб, Қожа Ахмед Йассауи, Айша бибі, Бекет ата, Оқшы ата, Абат-Байтақ, Алаша хан кесенелері халықымыздың рухани сұраныс- тарын өтеді. 1943 жылы Ташкент қаласында өткізілген Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының құрылтайында Діни басқарма құрылды. Осы- лайша Қазақстанда Діни басқарманың аймақтағы өкілі қызметін қазі атқаратын болды. Қазақстанның қазіні болып Әбд әл-Ғаффар Шамсудинов (1884-1953) сайланды. Сәдуақас Ғылмани (1890-1972) 1952 жылдан 1972 жылға дейін, Жақия қажы Бейсенбаев (1932-1997) 1972-1979 жылдары қазі болды. 1979 жылдан бастап Рәтбек қажы Нысанбайұлы Қазақстан- дағы қазият хатшысы болды. Кеңес билігі тұсында елімізде 25 мешіт болған. 1970 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың аралығында елімізде 38 мешіт салынған. Тәуелсіздік қарсаңында алдында елімізде 60-тан аса мешіт болған. Қазіргі таңда 2300-ден аса мешіт бар. Алматы қаласының өзінде 28 мешіт жұмыс жасайды. 1990 жылы 12 қаңтарда Алматыда өткен Қазақстан мұсылмандарының I құрылтайында Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы құрылып, Ташкенттегі Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасынан бөлініп шықты. Мүфти болып Рәтбек қажы Нысанбайұлы сайланды. 1992 жылы II құрылтай, 2000 жылы III құрылтай, 2005 жылы IV құрылтай болып өтті. 2000 жылы Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының кезекті құрылтайында Мүфти болып филология ғылымдарының докторы, профессор, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі сайланды. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының құрылымдық жүйесінде «Діни істер». «Діни уағыз, оқу-ағарту», «Халықаралық байланыс қажылық және хаттама», «Шариғат және пәтуә», «Мешіт істері» бөлімдері бар. Діни басқарма «Иман» журналы, «Ислам және өркениет» газеті арқылы діни үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ, «Мұсыл- ман», «Шапағат-Нұр», «Рахмет самалы», «Наш мир» сынды басылымдар ислам діні мен мәдениеті, тарихы туралы танымдық материал- дар беріп тұрады. Кейбір деректер бойынша 5000 аса адам қажылық парызын өтеп қайтқан. Қазақстанда бірқатар ислами ұйымдар қызмет

етеді. Атап айтсақ, Қазақстан қажылар қауымдастығы, Қазақстан мұсылман әйелдер одағы және т.б. Елімізде Халал стандарты тағам өндірісіне енгізіле бастады. 2001 жылы жоғары білімді имамдар дайындайтын Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті ашылды. 2002 жылы Алматы қаласында имамдардың білімін жетілдіретін Ислам институты ашылды. Бұл оқу орнында дін қызметкерлері білімін жетілдіреді. 2007-2008 жылдары Шымкент, Астана, Орал қалалары мен Шамалған ауылында медреселер ашылды. Қазіргі кезде елімізде түрлі ислами ағымдар кездеседі, олар сопылар, дағуат- шылдар, сәләфилер, құраншылдар. Қазақ елінің ұлт болып қалыптасуы мен мемлекеттік құруда ислам дінімен құндылық- тарының алатын орны ерекше. «Жас ұрпақты ынтымақ пен ауызбірлікке үндеп, ата-баба діні исламды құрметтеп, шариғат құндылықтарын қастерлеуде үлкен өнеге болары сөзсіз. Өйткені қоғамның тұтастығы мен оның рухани деңгейіне тікелей байланысты» [4]. Бүгінгі Қазақстан халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар, 26 ұлттың өкілдері болып табылады. Ислам діні дүние жүзі елдеріне Мұхаммедтің (с.а.у) – сахабалары арқылы тарады. Ислам діні әрбір елдің әдет- ғұрыптары мен дәстүрлеріне, діліне байланысты жергілікті ерекшеліктеріне қарай орнықты. Қазақ елі ислам дінін қабылдағаннан бастап құлшылықтарын, ғибадаттарын имам әл-Ағзам Әбу Ханифа мазһабы және имам Матуриди діни сенім мектебі негізінде атқарған. Ислам діні адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, ынтымаққа, ізгілікке, тақуалыққа, әділдікке, тазалыққа, тура жолға үндейді. Ислам діні мен мәдениеті еліміздің рухани негізінің бірі болып табылады.

1. Әбсаттар қажы Дербісәлі. 100 жыл бұрын өткен құрылтай. // Ислам ынтымақ пен бірлік жолында. Алматы, 2008, 19-бет.

2. Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. Алматы, 2008., 109- бет

3. Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. Алматы, 2008., 189-бет

4. Мұрат Жұрынов Құтықтау // Ислам ынтымақ пен бірлік жолында. Алматы, 2008, 4-бет.

* * * В статье рассматривается история прихода Ислама в Казахстан и роль Ислама в истории казахского народа.

* * * This paper is discussing the place and role Islam of the history and modern Kazakhtan